«Бекітілді»
«Зере» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі: Қузенбаева У.Б
02.09 2025 ж.

«Зере» бөбекжай - балабақшасының
10 топтағы ата-аналар жиналысы
2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» баяндама 2.«Бала тілі - бал» пікірталас 3.Психолог кеңесі «Баланыз балабақшаға қандай көңіл-күйде келеді?» 4.Медбике кеңесі	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог медбике
2	1.Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы» 2. «Тілектер күні» күні 3.Психолог кеңесі «Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?» 4. Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары»	Желтоқсан	Тәрбиешілер Психолог медбике
3	1.«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» кеңес 2.«Ата-аналарға арналған 10 кеңес» кеңес 3.Психолог кеңесі «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ұшырамауға болады» 4.Медбике кеңесі «Тазалық-Денсаулық кепілі»	Наурыз	Тәрбиешілер Психолог медбике
4	1.Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен таныстыру. 2.Білім көрсеткіш мониторингтерімен таныстыру 3. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» кеңес 4.Медбике кеңесі «Иммунетті көтеру кезеңдері?»	Мамыр	Тәрбиешілер Психолог медбике

ХАТТАМА №1

Тақырыбы: «Балабақшаға бейімделу жолдары»
Өткізілген күні: 2025 ж. 12 қыркүйек
Өткізілген орны: «Айгөлек» кіші тобы
Қатысқандар: 12 ата-ана
Топ тәрбиешілері: Хамза А.Ә
Түгелбай А.Қ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың балабақшаға бейімделу жолдары.
2. Балабақша медбикесінің балалардың денсаулығы туралы ақпарат беруі.
3. Жаңадан құрылған топтың ата-аналар комитетін және көмекшісін сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Топ тәрбиешілері балалардың балабақшаға бейімделу кезеңіндегі ерекшеліктері туралы баяндап өтті. Ата-аналарға бейімделу кезеңінде балаға қолдау көрсетудің жолдары түсіндірілді.
2. Балабақша медбикесі Құланова Маржангүл Құланқызы балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасы туралы қысқаша мәлімет берді.
3. Жаңадан құрылған топтың ата-аналар комитеті және оның көмекшісі сайланды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Ата-аналарға бейімделу кезеңінде баланың психологиялық жай-күйіне назар аударып, балабақшамен тұрақты байланыста болу ұсынылсын.
2. Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында тәрбиеші мен медбикенің айтқан нұсқаулықтарын орындау тапсырылсын.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Дүйсенбина Айгерім, көмекшісілері Балмағамбет Нұрлыайым мен Абилмажанова Ботагоз болып бекітілсін.

Топ тәрбиешілері: _____ Хамза А.Ә
_____ Түгелбай А.Қ

«Зерде» бөбекжай балабақшасы

«Айгөлек» кіші тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Өткізілген күні: 18.12.2025 жыл

Өткізілген орны: «Айгөлек» кіші тобы

Қатысқандар: 12 ата ана

Тәрбиешілер: Хамза Айдана, Түгелбай Айнұр

Күн тәртібі:

1. Балалардың қалыптасуы мен даму деңгейі
2. Жаңа жыл ертеңгіліктерін ұйымдастыру
3. Балалардың тазалығы мен күнделікті күтімі

Жиналыс барысы:

1-сұрақ бойынша:

Балалардың қалыптасуы мен даму деңгейі туралы тәрбиеші Хамза Айдана айтып өтті. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамып келе жатқанын, сөйлеу, кимыл-козғалыс, қарым-қатынас дағдыларының калыптасу деңгейін атап өтті. Ата-аналарға балалармен үй жағдайында көбірек сөйлесіп, бірге ойын ойнаудың маңыздылығы түсіндірілді.

2-сұрақ бойынша:

Жаңа жыл ертеңгіліктері туралы тәрбиеші Түгелбай Айнұр сөз сөйледі. Ертеңгіліктің өтетін уақыты, балалардың киім үлгілері мен дайындық барысы айтылды. Ата-аналарға балалардың мерекелік көңіл күйін көтеру үшін қолдау көрсету қажеттілігі ескертілді.

3-сұрақ бойынша:

Балалардың тазалығы мен жеке бас гигиенасы жөнінде екі тәрбиеші де пікір білдірді.

Балалардың балабақшаға таза киіммен, ұқыпты күйде келуі, тырнақтарының алынуы, жеке заттарының толық болуы керектігі айтылды.

Қаулы етілді:

1. Балалардың дамуына ата-аналар тарапынан көбірек көңіл бөлінуі.
2. Жаңа жыл ертеңгіліктеріне уақытында дайындалу.
3. Балалардың тазалығы мен жеке бас гигиенасын қалағалау.






ЭЕРЕ

“Зере” бөбекжай-балабққшасы
“Айгөлек” кіші тобының ата-аналар жиналысының №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 12.03.2026 ж.
Өткізілген орны: «Айгөлек» кіші тобы
Қатысқандар: 12 ата-ана
Тәрбиешілер: Хамза Айдана, Түгелбай Айнұр

КҮН ТӘРТІБІ:
1. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбындағы кеңес.
2. «Ата-аналарға арналған 10 кеңес».
3. Психолог кеңесі: «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ұшырамауға болады».
4. Медбике кеңесі: «Тазалық – денсаулық кепілі».

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Тәрбиеші Хамза Айдана бала тәрбиесінің негізі отбасында қаланатынын атап өтті. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, ана тілін құрметтеу сияқты қасиеттерді бала бойына сіңірудің маңыздылығын түсіндірді.Тәрбиеші Түгелбай Айнұр ата-аналарға баламен дұрыс қарым-қатынас жасау, оның пікірін тыңдау, жетістіктерін мадақтау, күн тәртібін сақтау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде кеңестер берді.

2. Психолог Турганбаева Жайнагүл баланы үйде оқыту барысында сабырлы атмосфера қалыптастыру, оқу мен демалыс уақытын дұрыс ұйымдастыру, баланың психологиялық жай-күйін бақылау туралы айтты. Сонымен қатар баланы артық жүктемей, оның жас ерекшелігін ескерудің маңыздылығына тоқталды.

3. Медбике Алинова Маржангүл балалардың денсаулығын сақтау үшін тазалықтың маңызы зор екенін айтты. Қол жуу ережелері, жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтану, бөлмені таза ұстау және аурудың алдын алу шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
1. Балаларға ұлттық тәрбие беру жұмыстарын отбасы мен балабақша бірлесе жүргізсін.
2. Ата-аналар бала тәрбиесіне байланысты ұсынылған кеңестерді күнделікті өмірде қолдансын.
3. Баланың үй жағдайындағы оқу әрекеті жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылсын.
4. Балалардың психологиялық жай-күйіне көңіл бөлініп, қолайлы орта қалыптастырылсын.
5. Балалардың жеке бас гигиенасы мен тазалығын сақтау тұрақты бақылауда болсын.
6. Медбике мен психологтың ұсыныстары ата-аналар тарапынан.

Тәрбиешілер: Хамза А.Ә

Түгелбай А.Қ

“Зере” бөбекжай-балабақшасы

“Айгөлек” кіші тобының ата-аналар жиналысының №4 хаттаммасы

Тақырыбы: «Бір жылда бірге өстік»
Күні: 28.05.2026 ж.
Қатысқаны: 8 ата-ана
Қатыспағаны: 16 ата-ана
Тәрбиешілер: Түгелбай А.Қ., Хамза А.Ә.
Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1 Балалардың оқу жылы бойындағы жетістіктері мен даму деңгейі.
2 Балалардың денсаулығы, тазалығы және дұрыс тамақтануы туралы.
3 Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық және қауіпсіздік шаралары.
4 Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиешілер Түгелбай А.Қ. мен Хамза А.Ә. сөз сөйлеп, балалардың 2025–2026 оқу жылы аралығындағы жетістіктері туралы баяндады. Оқу жылы барысында тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, тілдік және әлеуметтік дағдыларының дамуы байқалғаны айтылды. Балалардың түрлі мерекелік іс-шараларға, байқауларға және ашық оқу қызметтеріне белсенді қатысып, жақсы нәтижелер көрсеткені атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Алина Маржангүл сөз алып, балалардың жеке бас гигиенасын сақтау, тазалыққа мән беру, дұрыс әрі құнарлы тамақтанудың маңыздылығы туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, күн тәртібін сақтау және жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су айдындары мен жол қозғалысы ережелерін сақтау, күннен қорғану және ата-аналардың жауапкершілігін күшейту туралы ұсыныстар айтты.

Қаулы:

1 Балалардың оқу жылы бойындағы жетістіктері қанағаттанарлық деп танылсын.

2 Ата-аналарға балалардың тазалығына, денсаулығына және дұрыс тамақтануына тұрақты бақылау жасау ұсынылсын.

3 Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.

Тәрбиешілер: Хамза А.Ә

Түгелбай А.Қ